

671  
Қ62

Ә. Ә. Сабданбекова

ҚОЛДАНБАЛЫ  
МӘДЕНИЕТТАНУ: МӘДЕНИЕТ  
МЕНЕДЖМЕНТІ



Павлодар

84  
662

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

**ҚОЛДАҢБАЛЫ  
МӘДЕНИЕТТАНУ: МӘДЕНИЕТ  
МЕНЕДЖМЕНТИ**

Оқу құралы

Павлодар  
Кереку  
2017

**C. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің  
оку-әдістемелік көнеспімен баспага ұсынылады**

**Пікірсарапшылар:**

А. М. Садыкова – философия докторы (PhD). Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Тарих және КХЛ кафедрасының доценті;

А. Аманова – тарих гылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының Тарих және КХЛ кафедрасының доценті;


С. С. Аубакирова – мәдениеттану докторы (PhD), С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

**Құрастырупты: Сабданбекова Ә. Ә.**

К62 Колданбалы мәдениеттану : мәдениет менеджменті : мәдениеттану мамандығының студенттеріне ариалған оку күралы / құраст. : Ә. Ә. Сабданбекова. – Павлодар : Кереку, 2017. – 59 б.

Н. Г. Федотованың «Менеджмент в сфере культуры» еңбекінен ықицамдалып аударылып алғынған бұл оку күралында бүтінгі күнгі мәдениет саласындағы менеджменттегі басқару мен үйімдастыруиылық мәдениеттіне қатысты маңызды мәселелер карастырылған.

Оку күралы мәдениеттану мамандығының студенттеріне ариалған.



Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық көз测ерге авторлар мен құрастыруышылар жауапты

## Алғы сөз

Бүгінгі таңдағы білімнің карқындан даму үстіндегі когамда, алеуметтік-мәдени саласындағы менеджментті білу мен оның дағдыларын игеру қажеттің күнисен күнге өзекті бола түсүде. Мұндай жағдай мәдениет мекемелерінің бүгінгі күні катаң бәсекелестікке негізделген парық талабында қызмет етумен және мемлекеттік каржыландырудың барған сайын азаюмен түсіндіреміз. Бүгінгі күн мәдениет саласындағы ұйымдастыруышылық және баскармашылық істер түбекейлі өзгерісті талап етеді.

Шыгармашылық иніліктің нәтижесін қалыптастырумен мәдени інгілікті жүзеге асырудагы іс-қызмет салмакты арка сүйейтін нормативті-құқықтық базаны, қаржылай қамтамасыз етуді, әлеуметтік серіктестікті қалыптастыруды, жобалық технологияны колдануды, мотивациялық құралды, шыгармашылықта жемісті алға жылжытатын тәсілдерді колдануды және т.б. талап етеді.

Менеджмент мәдениет саласының, жалпы әлеуметтік-мәдени саланың жетістікті және перспективті дамуының көпілі. Ол мәдениет саласы өзінің маңызды адамгершілік тәрбиесін, эстетикалық дамуы, рухани агартушылық, әлеуметтену, білім алу, мәдени мұраны игеру сиякты, әлеуметтік функциясын толық канды атқару үшін қажет.

Соган байланысты, бүгінгі күш менеджмент мәдениет саласының, жалпы барлық әлеуметтік-мәдени саланың жетістікпен, әрі перспективті дамуының көпілдігі болып табылады.

Біздің және болашақ үрнектің бүгінгі адам өмір тіршілігінің барлық саласына тұтастай еніп отырган менежмент қагидаттарын игеруге мүмкіндік беретін бұл оку құралында мәдениет мекемелеріндегі басқарудағы менеджмент қагидаттары мен менеджердің құзіреттілігі, қызметкерлерді басқарудағы тиімді тәсілдер туралы айтылған. Жалпы, оку құралы 4 болімнен, әр болім 4 тақырышшага болыпты. Әр болімнің соңында бақылау сұраптартары мен тест тапсырмалары берілген, соның көмегімен оқытушылар студенттердің білімін бақылап, бағалай алады. Оку құралының соңында берілген оку-әдістемелік әдебиеттердің толық тізімі оқырмандарға, мәдениет саласындағы басқару ісі бойынша сұраптартына қосымша жауап табуына мүмкіндік береді.

Оку құралы Н. Г. Федотованың «Менеджмент в сфере культуры» еңбегінен ыкшамдашып аударылған. Мәдениеттану мамандығының студенттеріне арналған оку құралы.

# 1 Менеджмент және мәдениет

## 1.1 Менеджменттың маңыздылығының таралығы

«Менеджмент» («management») XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында гылым ретінде пайда болып, ресейлік лексиконда 90-2000 жылдары ның тұртқанты, сөйтіп ол көгамдагы соның ішіндегі ең алдымен экономикалагы жаңа тенденциялардың бояуын айналып түсті. Қазақстанда менеджмент көзінде, тасілдері, амалдары нарықтық экономиканың ореклеуіне сай кеңінен тарағын. Бүгіндегі менеджмент түрлердегі дерлік касіпорындар мен фирмаларла бар, ал менеджмент болса адам өмір тіршілігінің барлық салаларын қамтып отыр. Бүгіндегі күні үйім менеджменті, стратегиялық менеджмент, алеуметтік жұмыс менеджменті, инновация (жана шылдық) менеджменті, онеркасіп менеджменті және басқа да менеджменттің түрлері бар.

«Менеджмент» терминінің түп-торкіні американдық болғандыктан, сөзбе-соз орыс тіліне аударылмайды, ал оның қандай да болмасын түсінілірмесі, басқармашылық іскерлікке алып келсі. Шындығында да, менеджмент ағылшының «manage» – басқару сөзінен шықкан. Соган қарамастан, «басқару» термині «менеджмент» терминінің толық синонимі бола алмайды, себебі ол біріншіден озінің мағынашылық шеңбері бойынша анықталып кеңірек, ол тіпті техникалық және биологиялық үрдістерге де тараала алалы. Мысалы, автомобилді басқару үшін – менеджер болу міндетті емес, ал мемлекетті басқару немесе жансыз табигат үрдістерін басқаруда менеджерлік дәғдыштық касиеттерін колдану әрдайым мүмкін емес немесе жақет емес.

Менеджментке көпшілік көптең алебиеттерде, мамандар «менеджмент» терминің тек алеуметтік-экономикалық үрдістерді басқарудаға қолданылатының басын корсетеді, ол нарықтық жағдайларды әрекет етуші фирмада, үйім, касіпорын деңгейінде жүзеге асады. Ангарғарғанымыздай, бұл айтылған фирма, үйімдар оз іскерлік қызметі барысында тек коммерциялық қана смес, коммерциялық емес максаттарды қозлеуі мүмкін.

Менеджмент нарыкта өз алдына жеке экономикалық субъект ретінде алға қоятын касіпорындық фирмалардың қызметін, жекелеген фирмалардың, туристтік агенттіктердің, конак үй, колік компанияларының, банктердің, білім және мәдениет мекемелерінің және басқа да шаруашылық бірліктерін қамтиды.

Менеджмент тәжірибе жүзінде қогамның тіршілік әрекеттің барлық салаларын камтиды: саясат, коммерция, гылым, білім, конфессиональдық белсенділікте, туризм, мәдениет .б.

Ұйымның нәмесе фирманның іскерлік қызметі үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздеу, қандай да міндеттерді шешуде алудан ресурстарды тауып қолдана білуді, өнеркәсіптің тиімділігін жогарлату мүмкіндіктеріне негізделген жұмыс стилин талап етеді. Ал, бұнын бәрі менеджментке тікелей қатысты. Сонымен катар менеджменттің алдына койған максаттарына жете білуде адамдардың еңбегін, тәртібінің мотивін, интелектісін пайдалан отырып, жеңіске жетудің ғылыми мен онері деп түсінуге болады.

Осылайша, менеджмент – адами мүмкіндіктерді пайдалана отырып ұйымның стратегиялық және тактикалық мүмкіндіктерге кол жеткізуі.

Менеджмен саласындағы кейбір зерттеушілер менеджменттің екі аспекттің ашын корсетеді, олар менеджменттің нақты мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Біріншісі, үрдістік аспект, мұнда арнағы дайындалған мамандар ұйымды құрады, оның алдына максаттар мен міндеттер қояды, осыларды жүзеге асыруды ол адамдар мен ресурстарды тиім басқару арқылы қол жеткізеді.

Екінші, менеджменттің функциональдық аспектісі басқару барысында мынандай функцияларды атқарады: болжау, максат, алдын алу, жоспарлау, ұйымдастыру, координациялау, есеп, бақылау, талдау және жүзеге асыру. Осы функциялардың орындалуы арқылы менеджер қызметкерлердің еңбегін, онеркәсіп аппаратын, ұйымның материалдық және қаржылық ресурсын тиімді пайдалануды ұйымдастырады және оған жағдай жасайды.

Осы орайда, менеджменттің ғылым мен онердің синтезі ретінде интерпретациялау сирек кездеспейді. Менеджменттің ғылым ретінде бағалауда басты аргументі оның негізгі басқармашылық іскерлік түсінің болын табылады: басқару – бұл ғылым, соган сایкес өзінің пәні, сонымен катар әр түрлі концепциялары, теориялары бар адамдардың жинаған білімінің жиынтығы, және ол кез келген ғылым саласы сиякты өзінің мәселелері, принциптері және оның шешу жолдарынан тұрады.

Ал егер менеджментті онер регінде қарастыратын болсак, мүндагы басты акцент әр кәсіпорынның, әр тоptың, әрбір жеке тұлғаның әрекшеліктерімен ұштасады. Басқа бір адамның іс -әрекеттің басқару үнемі оңайшылық тұтыза бермейді, себебі олар бір ұйымды құрайды және оған үнемі ішкі және сыртқы ықпал факторлары эсер етеді. Менеджмент онері әрқылы жағдайда нақты бір тиімді және

күттірмейтін шешімдерлі кабылдауда, ол, ең алдымен креативті ойлау кабілетіне ие және басқа адамдардың іс-әрекеттерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, өз шешімі бойынша барлық жауапкершілікті өзіне ала отырып, оны жүзеге асыруға тырысуда көрініс табады. Соңықтан, менеджер кызметіне үнемі оку ізденісті тағап-етептін, жеке дарыны бар адамдар тана атқара атады.

Менеджер басқарудын гылымы мен оперіне үнемі арка сүйеп, өз гылыми білімі мен өзінің жеке бас касиеттерін толыктырып, оны тәжірибе жүзінде өз касіби іскеरлік әрекеті барысында үнемі толыктырып, дамытып отыруы шарт.

## **1.2 Менеджмент эволюциясы. Қазіргі заману менеджменттің даму сатысы**

Менеджмент тарихы бірнеше мын жылдықтардан құраған. Осынау үзак жылдық тарихы когамдық, экономикалық, алеуметтік экономикалық катынастар жүйесіндегі үзіліссіз тәжірибелердің жинақталуына байланысты дамыған.

Менеджменттің бастауы ерте замандагы Шумерде жазудың пайда болуымен байланыстырылады. Бұның негізгі революциялық жетістігі саудамен айналысатын жоғарғы кабаттағы «көсем қасіпкерлерді» білімге алын келді. Алғаш басқарушылық революциясы діни коммерциялық атқа ие болды. Сойтіп осының арқасында басқа таралып таста.

Екіншісі, б.з.д 1760 жылдардагы әр түрлі алеуметтік топтар арасында сантурлі когамдық катынастарды реттеуде мемлекетті басқарудың заңдар негізін ұсынған Хаммурапи патшаның атымен байланыстысты.

Үшіншісі, мемлекеттік басқару әдістерін өндіріс және күрьынысты басқаруды реттеуге байланыстыруға бағытtagан Навуходоносор II есімімен байланысты.

Төртіншісі XVII–XVIII ғасырларды Еуропадағы өндірістік катынастардың дамуы мен капитализмнің тууымен байланыстырылады. Бұл кезде өндірістің пайдасы мен дамуына басым көніл аудару басқару ісіне кызыгунылықты арттырыды.

Басқару мәселелерінде жеке білім аумагын сингізу контеген өндірістерлі бәсекелестікке алып келіп, аукымды оперкасістердің пайда болуына ықпал етті.

Бесіншісі, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы бюрократиялық деген атауға ие болған, басқару революциясына жатқызылады. Басқару аумагының теориялық негізін бюрократиялық

концепцияның кайта күру арқылы, баскарудың ірі иерархиялық құрылымын қалыптастырып, еңбек бөлінісін іске асырып, өлшемдер мен стандарттар енгізіп жауапкершілік пен қызметтік міндеттемелерін қалыптастырды.

XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басында баскарудың ғылыми негіздерін қалыптасыру мен жинақташын тәжірибелерді ғылыми талдау жұмыстары алғаш пайда болды. Бұл ондірісте онім өндіру мен табыстылыққа деген қажеттілік ірі корпорация түріндегі және акционерлік когам түріндегі ірі колемдегі үйымдарды ауқымды нарыққа бағыттады. Бұл қәсіпорындарда барлық салалардың бірізділігін, жетекшілер мен міндеттеме аткарушылардың еңбектерін және ондірісті тиімді үйымдастырудын қажеттілігін туынцатты. Бұл үшін ғылыми негізделіген тәргітер, қагидалар мен стандарттар қажет болды. Қәсіпорындарды баскару теориясы мен тәжірибесінің қалыптасуына XX ғасырда менеджментпен тығыз байланысты басқада білім салалары математика, инженерлік ғылымдар, әлеуметтану, психология ғылымдарындағы жетістіктер ықпал етті. Бұл салалардың жетістіктері баскаруга әсер ететін жана қозғауыш факторларды айқындал, тәжірибе тексерісіндегі келенеіздік туындалатын ескі теориядан бас тартып, жаңа шылдық баскаруга әкелді.

Ғылыми менеджмент мектептері (1885–1921) Ф. У.Тейлор, Л. Гилберт, Г. Гантта есімдерімен тығыз байланысты. Ф. У. Тейлор озінін қәсіпорын процестерін баскару ғылыми тәжірибелерін 1880 жылы Американың Філадельфия қаласындағы «Мидвест стилі» компаниясында бастағы. Ғылыми менеджмент негіздері, 1903 жылғы Ф. У. Гейлордың «Баскару кезеңдері» деп аталатын баяндамасында баяндалды. Тейлордың бұл теориясы кайшылыктарға толы болғанымен, оның ілімі қазіргі заманғы менеджмент концепциясының теориялық-тариhi кайнар козі болып табылады.

Ғылыми менеджменттің негізгі мақсаты – «кіріс – шығыс» формуласы бойынша қәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру. Мұның мәні біртұтас баскару жүйесінде әр менеджер жауапкершілікпен ресурстарды орналастыру және шығындау, сонымен катар ондіріс жүйесін тиімді найдалануда. Тейлор сонымен катар, менеджерлердің негізгі қызметтері әр қызметкерлерге міндеттеме арттыру, берілген жұмысты орындаі алатын қызметкерлерді таңдау, қызметкерлердің өз міндеттемелерін жоғарғы деңгейде арттыруға итермеледе жауапты екендігін атап айтты. Егер бұл функцияларды менеджер орындаса, қәсіпорын еңбегінің тиімділігін арттыру міндеттері орындауды дей саналады. Баскарудың ғылыми ізденістері еңбек операцияларын жетілдіруде таңдау және

бакылау кол енбегінің тиімділігіне негізделген. Негізі тиімділік басқару функцияларын болу принциптерінде. демек, жұмысшылар енбегінен басқару бойынша енбек болінісі. Бұл басқару әрекеті жеке енбек саласы болып, ал жұмысшылар осыған жинақталып жетістіктерге жету. Тейлор ұзак жылдар бойы қызметтерді тиімді орындаған, күш жұмсау арқылы жекеленген жагдайлардан жұмысшылардың жұмыс көлемін аныктады.

Егер, ер кызметкер оз ісін жетік менгерсе, ол адам сағат механизміндей оз ісінің білігір маманы болар елі. леген ойды неміс алеуметтанушысы М. Вебер мен Ф.Тейлордың теориялық еңбек негіздерінен коруге болады. М. Вебердің теориясы бюрократиялық ағым ретінде де қабылауга болады. бірақ ол бюрократиялық үйымдастырудың тәсілі ретінде, тек кана осы теория пайдаланған кезеңде гана найда болды. Бюрократиялық теорияның жақсы да, жаман да жақтары бар. Жагымды жағы: нақты тәртіпке бағынған ер алам ез максатын нақты орындауды. Жагымсыз тұстары: шын мәніне келгендеге адамның шыгармашылық таңдауына мүмкіндік берілмейді. Соган сыйкес, бюрократиялық тәсіл колдануга тиімді емес сондайқтан, омірінен емес.

Бюрократиялық үйымдарда жеке шенеуліктердің барлық міндеттері тіркеле отырылып, көрініше нақты жағдайлардагы оның жауапкершиліктері шектеледі.

Гылыми басқаруга ерлі зайнитты Френк пен Лилиян Гильберттің сілірген енбектері зор. Ерлі зайниттылар арины микрохронометрмен үйлесімде жасалған кинокамерамен 17 негізгі ұсак кол кимылдары сагатын жасаған. Осы сағаттың комегімен белгілі бір еңбек операцияларын қапша уақытта игеруге болатындығын белуге болады. Бұл тәсілдің максаты: мүмкіндігінше қажеттесіз іспен айналыспайды, уақытты тиімді пайдалану.

Г. Ганттың айтуышына, гылыми менеджментте темен деңгейлегі ондіріс оңімділігі жұмысшылардың жана тәсілдерді колданбай, ескі тәсілдерді колдануында деп мәлімдеген. Г. Гантт жұмысшылардың алдына койылатын максаттары мен және оларға болінетін жұмыстарын, оларға жасалатын женилдіктер мен сыйакының жана жүйесін жасады. Егер де Тейлордың жүйесі бойынша барлық жұмысшылар бірдей жақалы алатын болса, ал. Г. Ганттың жүйесі бойынша ер жұмысшы ондірген енбегінсө байланысты сыйакы мен жақалы аду жүйесін енгізді. Осы арқылы өндірістегі адамдық фактор негізін каланды.

Д. Гвинттани айтуышына, «теллоризм»:

- ескі тәсілдердің дәстүрлі жаңа тәсілдерге ауыстырудың ғылыми фундаменті;

- ғылыми зерттеулер жұмысының тәжірибелік зерттеу әдістері, жұмышшыларды ғылыми критерилермен оларды дайындаи, оқыту негізінде таңдаап алу;

- жұмысты үйимдастыру жүйесінде әкімшілік пен жұмышшылар арасындағы бірлестік;

- әкімшілік пен жұмышшылар арасындағы жауапкершілік пен еңбек болашақтарын тәндіті.

ХХ ғасырдың соңында басқарудың жаңа тәсілі қаланды. Осы теорияның негізін қалаушы француз қасіпкері А. Файлол және оны жакташылар Д. Муни, А. Рейли, Дл. Гулик, Р. Урвиг, Р. Дейвис, Г. Күнтц, С. Доинел сәміздерімен тығыз байланысты. Олар классикалық мектептің негізін қалады. Д. Муни, А. Рейли басқарудың әмбебеп принциптерін ойластырды.

Заманғы менеджментке келетін болсақ, осы салада біркатаρ қомакты еңбектер жазған Г. Л. Тульчинский өз еңбегінде менеджмент технологиясының дамуын кезеңдестірді. Автор және оның әрінестері атап откендей, соңғы 200 жылда менеджмент және оның технологиясы интенсивті тоңкерісті басынан өткізген.

Менеджмент эволюциясының кезеңдері (этаптары) еңбектің жетістігін көрсететін факторлармен аныкталды. Егер жетістікке жетудің факторлары взгерсе, онда тиімді қасіптің де технологиясы озгереді, сонан сәйкес менеджердің қасіби деңгейіне деген таланттар да озгерді.

Г. Л. Тульчинскийдің еңбегінде менеджмент технологиясының кезеңдерін белай қарастырылады:

- бірінші кезең – ресурстар
- екінші кезең – тауарлық
- үшінші кезең – технократиялық
- төртінші кезең – маркетингтік
- бесінші кезең – брендтік.

Қазіргі заману менеджменттің даму жағдайы іскерлік үшін соңғы жогарыда айтылған кеткен кезеңдермен гана сипатталып коймайды. Бүгінде оған заман талабына сай мынандай факторлар келіп қосылады, олар нарықтагы жаһандануы және дами түсін акпараттық көзім тенденциялары. Нарықтагы жаһандану бүтінгі күні барлығына бәрімен түбекейті бакталастықта болуга шакырады, бұл өз ішінде осы сатыда нарықта озіне, басты назарда болып, қажетті орынға ие болу қабілеттің озекті етеге түспек. Сонымен катарап бүтінгі күні акпараттық және компьютерлік технологияның дамуы,

жарнамада, PR – қызметінде, маркетинг пен менеджмент технологиясында Интернетті колдану аса карқынмен даму үстінде. Осы жағдайда, мәселе каншалықты тауар мен қызмет корсету ондіріліп, пайдаланылып коймайтындығы, ал каншалық елемдік экономикалық, мәдени және акпараттық кеңістікке кіруге мүмкіншілік берегін нақты брендтің шығарылуында екені белгілі болып отыр.

Креативтік мүмкіндік, шығармашылық ойлау, кайталанбас фирманиң бет бейнесі, басқарудың аутенттік жүйесі, тауар мен қызмет корсету ондірісіндегі стандартты емес шептімдер нарықтағы іскерлік жетістіктерінің болінбес болиегі болып отыр. Бұтінгі күні іскерлікте, жаһандық кеңістіктері өзінің мүмкіншіліктерінің есебін білу, болашакқа бағдар жасау аса маңызға ие, бұл ез ішінде инвесторлар, қоғам, максатты топтар тарапшылан сенің тіршілік етуін үшін колдау көрсетіп, қызыгуышылық тұтызып отыру тиіс. Акпараттық қоғам, мұнда яғни, негізгі тауар акпарат болып табылғандықтан, көптеген адам акпаратты құрастырып, ондеп, сактау ісімен айналысада, ал менеджмент технологиясы болса барған сайын жана сипатта ие болуда. Ондірістегі, үйымдағы ондіріс үрдісін басқара отырып менеджер, ондірілген тауарлар мен қызмет корсетудің құндылық сипатына аса қоңыр боледі. Тұтынушылар бұйыммен катар жарқын бейне, арман, киялдың бір болиегін, эмоция мен ез ойын жүзеге асырудың мүмкіндігіне ие болады. Менеджердің жұмысы енді басты қүшті акпараттық-символикалық аланды назарда ұстaugа ариалған. Қазіргі қүнің кәсіпкерлік енім шыгару немесе қызмет корсету ондірісіне емес, тіпті брендті де емес, озіндік омір суро образы мен мәдениеті мен оны ұстанушы болып табылады деген қалыптасқан түсініктің шындығы бар. Осыған сойкес қазіргі заманғы менеджмент технологиясының негізгі бағыттары маркетинг технологиясы, PR, имидж, жарнама, қызметкерлермен саудатты жұмыс істей білу болып табылады, бұлар соңында коммуникативтік үрдістерді басқару, акпараттық лекке келіп тіреледі. Алайда, осындағы тенденциялар инновациялық және ғылыми ондірістін дамуымен, тауар мен қызмет корсету онімінс тұтынушы талабының күнисен қүнгө осумен бірге жүретінің үмітпауымыз керек.

### 1.3 Мәдениет басқару объектісі ретінде

Бұтінгі күні менеджмент және оның технологиясы адам омір тіршілігінің барлық саласына тұтастай еніп отыр. Ондірісті басқару үрдісі қазіргі нарыктық жағдайда тек жеке фирма, кәсіпорын, үйымдар мен мекемелердеға жүргізілмейді. Қазіргі күні

менеджмент коммерциялық мақсатты қоздемейтін салалар мен құрылымдар, ұйымдарға да аса қажет екен екендігін заман корсетіп отыр. Бұлардың қатарына мәдениет саласы да кіріп, бұл сала да қазіргі таңда сауатты менеджмент механизмін қажет етіп отыр. Бұл жағдайда мәдениеттің тек теоретикалық түргыдаған түсінігін көмай, оны сонымен қатар тәжірибелік және қолданбалы түргыда де түсіну мәселесі жайында соз болмак.

Мәдениет ұғымын жан-жакты сан алуан түрде түсінік беріп талқылай аламыз. Оған мәдениеттің 400-тан аса анықтамасы бар екендігі дәлел бола алады.

Мәдениеттің осындай әмбебап анықтамаларына қарамастаң, басқару мәселесине келгенде, бұл анықтамалар мен оның институциональдық мәдени формасын синаттауда қандай да түзетулер енгізу қажеттің келіп шығады. Бұл мәдениет саласында қызмет етуші теоретиктер мен практиктер арасындағы біршама түсінбеушілікке алып келеді. Біз білестініміздей, мәденистке сонымен қатар мұражайлар мен көрмелер, театрлық қойылымдар, фольклорлық мерекелер және т.б. кіреді. Сондыктан осы жағдайда соган сыйкесінше, қолданбалы және мәдениеттің тар магынадагы анықтамасының қажеттілігі шығады, ол бізге менеджменттің принциптерін түсініруге, жауап беруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты ол бізге мәдениетті қоғамның белгілі бір тіршілік саласы саясат, экономика, білім беру т.б. сиякты карастыруға мүмкіндік береді. Мәдени сала – адамның мәдени қажеттілігін канагаттандыруға аса қажет, қызмет корсету өндірісіндегі кәсіпорын салаларының бірлігі болып табылмақ. Мәдениет саласына мыналар кіреді:

- мәдени-тарихи мұраларды сақтау және пайдалану (мұражайлық, кітапханалық, мұрагаттық істер, ұлттық, жергіліктік, дәстүрлер, мерекелер және т.б.);
- көркемонер, эстетикалық білім және бағалар шығармашылығы;
- өнер, шығармашылық, концепттік қызмет саласы;
- бос уақытты ұйымдастыру мен көніл котеру;
- этнографиялық, фольклорлық өнер және колонер;
- іскерлік қызмет, оның дамуына мүмкіндік беретін (мәдениет экономикасы, мәдениет саласындағы құқықтық іскерлік қызметі мен мәдениетті басқару, алеуметтік маркетинг және т.б.).

Мәдениет саласындағы іскерлік қызметтер, әр түрлі фирмалар – үйымдар, мекемелер, әр түрлі ведомостыларға (мемлекеттік, жергілікті, жеке, қоғамдық ұйымдарға) қарайтын кәсіпорындар мен жеке адамдардың қомегі арқылы жүзеге асырылады.

Мәдениет саласы өзінің сан алуандылығымен және басқа тіршілік салаларынан өзгепшелігімен ерекшеленеді. Мәдениет саласындағы қызмет көрсетуді ендіру мен шыгару, мәдениеттің әлеуметтік маңызы бар функцияларды аткарумен байланыстырылғында скендігін ұмытпаганымыз жен, ол: білім берушілік, тәрбиелік, мәдени мұраны сактау функциясы, қоғамдың рухани дамуы және т.б. Бұл функциялардың орындалуының қоғамдық мәні зор, ол ен алдымен біздің балаларымыздың қаламыздың, қоғамымыздың моральдық рухани, адамгершілік деңгейінің дамуына зор ықпал етеді. Мәдениет мекемелерінің аткаратын көптеген функцияларының ішінен мамандар, мынандай еki блокты атап көрсетеді:

- әлеуметтік-мәдени өзін-өзі үйімдастыру функциясы;
- әлеуметтік-нормативтік.

Мәдени іс-қызмет саласы бүтінгі күні нарыктық жағдайда жүзеге айрылып отыргандыктан, бұл үрдіс мына факторлардың ықпалымен, бұл тұтынушылар сұранысы, маркетингті орта, стратегия, миссия, бағалау, тиімділік және т.б. арқылы жүзеге асады. Соныңынан жұмысы, бұл мәдениет мекемелерімен осы немесе басқада мәдени онімді қандайда бір накты тұтынушыға жеткізуде корінелі. Сол сиякты мәдениет саласындағы аса манызды мәселе, тұтынушының сұранысын, пікірін ескерудің аса қажеттілігі, тұтынушының талабы мәдениет саласының динамикалық дамуының басты кілті болмак. Бүтінгі күні, мәдени існерлік қызметі мына факторларға толық бағынышты:

- оз миссиясын сактау және орындау (накты мәдени игілікті аткару);
- тұтынушыларға бағдар ұстау (тұтынушы сұранысы, калауы);
- нарыктық ортандың заңдарын және «ойын ережесін» ескеру.

Мәдениет мекемелерінің тек бірінші факторға бағыт ұстанының нағайесі мәдениет іс-қызметтің бір орында тұрмалап, ал залдар болса босан, каржы түсімінің үнемі жетіспеушілігінс әкелді. Посткенестік жүйелегі мәдениет мекемелерінің шаруашылық саласын калпына келтіруге тек маркетинг пен фандрейзинг жүйесі ғана емес, сонымен катар накты максатты тұтынушыны кере алу кабілеті, мәдени игіліктерді әр түрлі көзқарастағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі білім деңгейіндегі, әр этникалық топтардагы, тіпті, туристердің және т.б арасында тарата белуідін өзілік маңызы зор. Көптеген елдердің тәжірибелі корсеткендей, рухани мен коммерциялық, мәдени мен экономикалық міндеттер бір-біріне қарама-карсы тұрмай, көрісінше

олар бірін-бірі толыктырып отырады. Көп жағдайда осылардың бірі екіншісіне жаксы жетістікпен дамуына кепіл бола алады.

90 ж.-дан бастап, мәдениет саласы кейбір мемлекеттердің когам мен билігі тарапынан экономиканың перспективті саласы ретінде қабылдана бастады, оның шеңберінде туризм, мәдени индустрия (сән, шоу-бизнес), рекреативті тәжірибе және т.б. дамыды. Ор аймактың өзіндік мәдени ескерткіштері, аймактық мифтері, мерекелік мәдениеті, замануң өнер орталыктары олардың мәдени ресурсы болып табылатының түсінді.

Көптеген елдерде мәдениет, экономика мен саяси өзгерістердің катализаторы ретінде ғана қабылданып қоймай, экономиканың аса бір пайда экелуші козі ретінде қабылданады. Бір сөзben айтқанда, мәдени ресурстарды сактаң, оны тиімді, әрі саяугты басқара білу еліміздің аймақтарының жетістікпен дамып, әлемдік мәдени-туристік кеңістікте қалашар интеграциясын дамытуда стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың басты кепілі бола алады.

Нарықтық жағдайда мәдени іс-қызметті басқару әр түрлі контексте қарастырылуы мүмкін. Оның бірі, мәдени іс-қызметтерді әлеуметтік-экономикалық жағдайда басқару. Басқару қандай да нақты бір мекемеде жүргізуі мүмкін, ол сонымен бірге шыгармашылық ұжымның жұмысын үйымдастыру мен кординационалау ісінде тарауы мүмкін. Сонымен коса, мәдениетті басқару ең жоғарғы деңгейде іске асса, бұл елдің, өңірдің мәдени саясатын қалыптастыруға оны тиімді жүргізуде және мәдениет саласын қаржыландырудың принциптерін қарастыруға және мәдени іс-қызметтің нормативтік принциптерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Басқару ісі басшылықпен, әрі менеджер арқылы жүзеге асырылады. Мәдениет менеджерінің бүгінгі нарықтық жағдайда қажеттілігі күнисен күнге арта түсуде. Мәдениет менеджері көсіби, мәдениет мекемелеріндегі шыгармашылық жұмыстарын үйымдастыру, түзеу, тұрактандыру, ресурстармен қамтамасыз етуде үлken рөл аткарады. Мәдениет менеджері шыгармашылық үрдісті қабілетті үйымдастыра алушы ретінде, мәдени иғліктерді жүзеге асыруда экономикалық, қаржылық, құқықтық, технологиялық жағдаймен қамтамасыз етуші ретінде танылуы тиіс. Менеджердің жұмысына үйымның мақсат, міндеттерінің орындалуы аса тәуелді, оның құзіреттілігі мен дарындылығы, яғни өндірілетін өнімді өндсөде, қалыптастыру мен тарату үрдісі барысында адамдарға ықпал етеге алу қабілеті үлken маңызға ие.

Алайда, мәдениет саласы аса бір қайталанбас, езіндік ерекші іс-кызмет саласы болғандыктан, менеджердің кәсіби құзіреттілігіне аса салмакты жүк артады.

Мәдениет саласындағы үйымдастыруышлық-баскармашылық іс-кызметте қызметкерлердің кәсіби құзіреттілігіне деген талап посткенестік кезеңде түбебейлі езгерлі. Егер бүрші маман-каспікпой езін мәдениет саласында «идеология майданының» ұстаз-тәрбиесі маманы ретінде танылса, енді ол коммерциялық, коммерциялық емес іскерлікте, тәжірибе жүзінде маркетинг технологиясына бағыт ұстанған, құқықтық, экономикалық түргыда сауатты маман болуы туіс.

#### **1.4 Мәдениет саласындағы менеджменттің ерекшелігі**

Мәдениет саласында менеджмент сонғы кездері пайда болды. Ресейде, мәдениет саласында менеджмент 90-жылдардың сонында танымал бола басталы. Жарты гасыр мемлекеттің қарамагында болған мәдениет, жана мазмұндагы дарды, білімнің жетіспеушілігін терең сезінді. Мұражайлар мен театрлар, фольклорлық ұжымдардың көрме залдары, шығармашылық адамдары өздерін қандай да бір вакумның ішінде қалғандай сезілді, бұган үйымдастырынышлық, баскармашылық технологияның жетіспеушілігі, координациялау мен жобалау тәжірибесі мен маркетингтік шешімдердің жоктығы себеп болды. Белгілі мұражай менеджері П. Кук айтқандай, енер мен мәдениетте менеджерлік пайда болуы бұл жаңадан ойлап табылушылық емес, бұл жана жағдайға мәдениеттің өмір сүруге даярданыну ретінде қарастыруымыз.

Мәдениет саласындағы менеджмент – жеке тұлғалардың, топтардың мәдениеттің қаржылай, креативтік, символдық, материалдық, әлеуметтік, интелектуальдық және басқа ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында үйымдар мен күрьымлар, жобалар және т.б. баскарудың әдістер жүйесі мен функциясына сүйене отырып жүзеге асыру.

Мәдениет саласында коммерциялық және коммерциялық емес үйымдар қызметін атқаралы. Коммерциялық үйымдардың негізгі мақсаты пайда табу болып табылса, коммерциялық емес үйымдардың басты қызметі мәдени, білім берушілік, ғылыми, қайырымдылық, және басқада әлемметтік мақсатқа бағытталған жетістіктерге кол жеткізу болып табылады. Мәдениет саласында коммерциялық емес үйымдар саны коммерциялық үйымдарға қараганда алдекайда кон. Ресейде болсын, Қазакстанда болсын бүгінгі күні коммерциялық емес

ұйымдар құрамында мекемелер, қорлар, ассоциациялар, автономды коммерциялық емес ұйымдар, коммерциялық емес серіктестіктер, мемлекеттік корпорациялар т.б. өмір сүреді. Бұдан бізде, коммерциялық емес іскерлік пайдалы емес деген ұғым пайда болмауы тиіс, кандай да бір коммерциялық іскерліктің өзіндік әлеуметтік маңызы болуы тиіс, соңда ғана ол өзіндік жетістігімен, халықпен байланыстырылғымен коркейе түспек.

Бұғынғы күні, осыған байланысты қасіпкерлер-қауымдастыры өздерін әлеуметтік-мәдени ортамен серіктестікке алде қайда мұдделі екенін көрсетуде. Қазіргі заману қасіпкерлік саласы мен мәдениет саласы бір-бірімен өзара ныйданы көздеғен серіктестікте десек артық айтпаймыз.

«Фирманың имиджін және абырайын қалыптастыру мен алғашындау үшін қажетті демеушілік, патронаж және қайырымдылық, қызметкерлермен жұмыс істеу, серіктестік аясын көзектеу, тіпті жарнамалық кампаниялар, сатуды стимулдауға қажетті акциялар – осылардың бәрін мерекелік шараларсыз, сайыстар, көрмелер, мерекелік башгарламаларсыз отпейді, осылардың бәрін әлеуметтік-мәдени технологияға назарсыз, оның ішінде мәселең әлеуметтік-мәдени саладағы мекемелермен серіктестікіз елеステГУ мүмкін емес. Қазіргі заманғы менеджмент технологиясының дамуы кезеңі әлеуметтік және мәдени факторларға тікелей тәуелді, кез-келген ірі қасінорын қандай бір корпоративтік мәдениетті тасымалдаушы болуга тырысады. Мәдениет, мәдени иніліктерді жүзеге асыру жолымен, олар аймактарда жағымды макроэкономикалық климатты қалыптастырады: яғни, ол қоғамның мәдени, интеллектуальдық, адамгершілік потенциалын, жоғарғы органды қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қоса, мәдениет саласы аймактың экономикалық жағдайына қомакты үлес қосады, бұл дегеніміз: жұмыс орындарын ашу, мәдени-бос уақыттарды ұйымдастыру саласында тиімді коммерциялық жобаларды дамыту т.б.

Мәдени органдың менеджменті мен маркетингі көп аспектілігі мен кон кырлығымен ерекшеленді, соган сәйкес нақты осы салада ұйымдастырушылық пен басқармашылық іскерліктің әр алуан түрлері ашылмак. Мамандардың пікірінше, мәдениет саласында нарықта екі сектор дамымақ: тұтынуышы секторы және доноңлар нарығы, яғни бұлар сатып алуға мүмкіндігі барлармен және мәдени қызметтер кімдер үшін жүзеге асырылатындар. Мысалға алып карасақ, мәдени қызметтер, (театр койылымдары, мұражайлар экспозициясын аралау, сирек кездесетін кітап корын пайдалану және т.б.) арнайы мәссаңты тоңтар үшін жүзеге асырылады, алайда, бірақ мемлекет қаржатынан,

кайырымдылық қорларының және т.б әйтеуір түрлі каржы көздерінің каржысына каржыландырылады, ол жұмыстар билік органдары мен білім институттары тарапынан үйымдастырылады. Озінің когамдық манызы мен коммерциялық емес бағыттылығына байланысты, мәдениет саласы мемлекеттік дотацияларсыз және тұракты мемлекеттің қаржылай комегінсіз омір сүре алмайды. Екінші жағынан, мәдениет тек мемлекеттік дотация тарапынан омір сүру тиіс емес, ері мүмкін емес. Конгрес коммерциялық емес үйымдар озінің қызмет ету үрдісі барысында коммерциялық қызмет тұрлерін ұсынуға толық мүмкіндігі бар.

Мысалы, қазірігі күні мұражайлар белсенелі түрде озінің қосілкерлік іс-қызметтің белсенелі колға алуда, олар сувениирлерді жасау мен сату сиякты, сол сиякты озіндік шыгармашылық шеберханалар жұмысын үйымдастыру және т.б. Мәдени іс-қызмет барысын қаржыландырудың альтернативтік көздерін табу, мәдениет саласындағы менеджменттің басты ерекшелігі болып табылады.

Бүгінде, Қазақстан үшін мәдени іскерлік экономиканың аса манызды кіріс көзі екенін жақсы түсінуміз кажет. Мысалы, мәдени туризмді дамыту.

Мәдениет мекемелерінің өндірген және таратушы онімінің сипаты аса манызды. Мәдени іс-қызметтегі онім мәдени қызмет көрсету болып табылады (мысалы, театрга, концертке, көрмелге бару) Мәдени қызмет көрсету – мәдениет менеджменттің карапайым элемент бірлігі, ері мәдениет мекемесінің іскерлігінің талдауы болып табылмақ. Баска қызмет тұрлері сиякты, мәдени қызмет тұрлері де келесідей сипаттарға ие:

- бұл қызмет түрін сипап ұстауга және сактауга мүмкін емес;
- қызметті ұсну мен пайдалану үрдісі пара-пар;
- қызмет түрі тираждалмайды, ері орын ауыстырмайды;
- бұл қызмет тұракты сапага не емес.

Сонымен катарап мәдени қызмет түрі, үнемі азын-аулак тұтынуышылар сегментімен байланысты, соған байланысты басқалармен салыстырғанда қызмет бағасы да томен (кейде тіпті, тегін жүзеге асырылалы) бұл, мәдениет мекемесінің коммерциялық емес бағыттылығында және қызмет түрінің алеуметтік мәнділігіне байланысты. Алайда, мәдени қызмет тұрлері бос уақытты қолайлы үйымдастыру саласымен тікелей байланысты болғандықтан, нарықтық секторда оның бәсекелестік деңгейі аса жогары.

Мәдениет саласындағы қызмет тұрлерін орындаушылықпен (актерлер, эншілдер) байланысты, сол сиякты мәдени игіліктерді игерүүшілікпен (кітапхана, мұражай ісі) байланысты деп болуге

болады. Осы аталған қызмет түрлерінің қайсысы үшін басты маңызды сипаттамасы ол сапалығы болып табылады. Маркетинг саласындағы қызмет корсетудін саласына деген қызығушылық, бірінші орында күннен-күнгө осіп отырган бәсекелестікпен байланысты.

Ал, мәдениет саласындағы қызмет корсетудің сапалылығы жағынан бәсекелестік, екі факторлық жағдайға негізделген. Біршіден, мәдениет мекемесі бос уақытты тиімді ұйымдастырудагы қызмет түрлерін жүзеге асырады, екіншіден, тар мәғинада мәдени қызмет түрлері өзіндік экспозитивтілігімен, кайталаңбастылығымен ерекшеленеді (бұларға театр қойылымдары, мұражай экспонантарының көрмесін жаткызамыз). Баска көзқарас бойынша, мәдениет мекемелерінің іс-қызметі бәсекеге кабілетті емес ортада жүзеге асырлады сондыктан қажетті сапалы деңгейде емес.

Мәдени қызмет түрлері ен алдымен мәдениет мекемелерінде пайда болып, жүзеге асырлады. Мәдениет менеджментінде ен алдымен мәдениет мекемелерінің сыртқы органды құратын ұйымдастыруышылық органды біліп, талдау аса маңызды. Бұган мәдени қызметтерді тұтынуышлар, мемлекет, каржылық серіктестіктер (қәсіпкерлік, демешілер және т.б.), шыгармашылық қауымдастырлар, БАҚ жағады. Эр топ белгілі бір рол атқарады, олар не мекемеге ықпалы тиеді немесе көрініше мекеме оларға ықпал етеді. Тиімді менеджмент үшін осы топтардың қызығушылығын білу аса қажет. Мемлекет өз алдына өздігінен каржы таба алатын мәдениет мекемелерінің белсенділігіне қызығушылық туғызуда. Бизнес өкілдері болса, мәдениет мекемелерімен серіктестіктө бола отырып, коммерциялық максаттагы тиімді жобаларға ғана катысЫп қоймай, сонымен катар агауыл (символьдық) деп аталағын имидж, бедел, танымалдылыққа ие болғысы келеді. Алайда, екі жақтың да қызығушылығы канагаттандырылуы үшін олардың араларында жүретін деддал немесе катализатор болуы тиіс. Мысалы, Ұлыбританияда осындайды катализатор міндеттін арнағы агенттіктер қолға алған, алайда бізде осы қызметті координациялық және ұйымдастыруышылық міндетті аткаруши мәдениет менеджері де атқара алады. Алайда, мәдениет менеджері мәдениет саласы тек баскармашылық ойларды жүзеге асыратын кеңістік емес, сонымен катар мұнда шыгармашылық пен эстетиканы жүзеге асыратын кеңістік екеппіні ұмытпауы абыз.

### Бақылау сұрақтары

I. «Менеджмент» пен «мәдениет» терминдерін анықтаңыз.

С.Торайғыров  
атындағы ПМ.  
журналынан  
жарияланған  
жылдардан  
шығыныз.

KIT

2. Қазіргі заману менеджменттің даму кезеңдеріне тән сипаттасының ерекшеліктерін атаңыз.
3. Мәдени кызмет корсрудің негізгі құрылымын сипаттаңыз.
4. Мәдениет саласы когам мен аймактың экономикасының дамуына қалайша әсер етуі мүмкін?
5. Мәдениет менеджерінің негізгі міндеттемесіне не кіреді?
6. Мәдениет саласындағы менеджменттің негізгі ерекшеліктері нелде?
7. Менеджменттің даму кезеңдерін ата:

## **2 Мәдениет саласындағы менеджер**

### **2.1 Мәдениет саласындағы менеджердің кәсіби құзіреттілігі**

Менеджер (ағыл. manage – басқару) – бұл баскармашылық істердің жүргізетін, әрі баскармашылық міндеттерді шешуші маман немесе қызметтік адам. Ережеге сәйкес, менеджер орта немесе жогарғы баскарушы құрамға кіретін ұйымның өндірістік үрдісін баскаратын адам.

Алайда, барлық менеджерлер барлық ұйымда бірдей рол атқармайды, әрі әртүрлі қындық деңгейіндегі міндеттерді шешеді. Кейде тіпті фирманиң баскарушыларын менеджер деп атайдындары аз емес, өз ішінде фирмада оффис-менеджерлер (хатшы), қызметкерлермен жұмыс жасайтын менеджер, сату қызметі бойынша менеджерлер т. б. қызмет атқарады. Осылай, не басқадай жағдайда болса да, менеджер қызметтіне шешім қабылдау қажеттігі, ақпаратпен жұмыс істеу, бар ресурстармен жұмыс істей алатын, адамдармен, бөлім, фирма, мекеменің, белгілі ортаның т.б. іс-қызметтің координациялай алатын адамды тағайындауды талап етеді.

Мәдениет саласында да менеджер деп аталағын, алуан түрлі адамдар болуы мүмкін. Біріншіден, мәдениет саласында менеджер деп мәдениет саласында іс-қызметті қамтамасыз ететін мәдениет мекемесінің, мәдениет институтының басшысын немесе мемлекеттік орган басшысын атая аламыз. Көбінесе осындағы іспеттес менеджерлер, ұйымның миссиясын, ұзак мерзімді және қыска мерзімді максаттарын, қызметкерлere катысты шешімдерді қабылдау, мотивациялау жүйесін, коммерциялық іскерлікті ұйымдастыру және т.б. көнтеген істерді атқарады.

Екіншіден, мәдениет мекемелерінде менеджер жартылай баскармашылық функцияларын өз мойына алып, мысалы, маркетингтік шешімдерді, қызметкерлерді басқару сиякты іскерлікті өз колына алып жүзеге асыра беруі мүмкін. Сонымен катар, бұл жағдайда менеджер координациялық және ұйымдастырушылық функцияларды аткарушы жай міндетті адам болуы мүмкін. Мұнда сөз, театр, муражай менеджерлері жайлы болып отыр. Бұған сонымен катар мәдениет мекемесінің нақты бір іскерлік қызметтімен айналысушы менеджерлер де кіреді (мысалы, қогамдастықпен байланыс орнатушы менеджерлер).

Менеджердің кәсіби құзіреттілігіне сай арины дайындығы мен соган сәйкес білімі болуы тиіс. Соңдаған, маман қажетті білімі,

білік, дагдыларына ие болады, ягни осы іскерлік саласының сай маманы бола алады. Менеджер коммуникациялық үрдістерді басқарып, ақпараттық лекпен жұмыс істей білуі тиіс және т.с.с. Кез келген менеджердің кәсіби құзіреттілігінін ажырамас боліті іскерлік карым-катаңас пен іскерлік келісімдер жүргізе алу дагдысы, кәсіби және корпоративтік этикапы білу, писленістапу саласы бойынша білімдері болуы тиіс. Сонымен катар, менеджер моральдық, психологиялық тұрғыда үйымдағы үйымдастыруышылық, баскармашылық іскерлік жұмыстарына дайын болуы тиіс, ол ен алдымен барлық үйимнің мұлдесін басты назарда ұстауда үстене тиіс. Сонымен катар, ерекші іскерлік саласында жұмыс істейтін менеджерлерге арналған арнайы талаптар да бар. Олеуметтік-мәдени салала менеджер ен алдымен донорлар туралы ақпаратты, жекеменшик-мемлекеттік және әлеуметтік серіктестер, мәдени игіліктердің өндірудің және жүзеге асырудың еркішелігі туралы толық мағліметке ие болу тиіс. Менеджер кай салада жұмыс істеседе, одан озінің кәсіби өсуге деген талпынысы, стандартты емес шешімдер кабылдай алу қабілеті, жоғарғы деңгейдегі іскерлік мотивация, кнын жағдайда шешім кабылдай алатын күш жігерлі кажет ететін мінез-құлық талап етіледі. Менеджер үшін коммуникативтілік және үйымдастыруышылық қабілеттері ен маңыздысы болып табылмақ. Мамандар коммуникативтік мінез-құлық қасиеттеріне мыналарды жатқызады: тез тіл тапқыштық, коммуникативтілік, коршаган аламдармен қарым-катаңас орната алатын, кәсіби тілге бай және өзіндік икемділік. Үйымдастыруышылық қабілеттерге – міндеттердің дүрыс боле білу, бірлескен іскерлікті үйымдастыра білу, өзін-өзі және коршаган адамдарды дүрыс бағалай білу, «жетістік жағдайын» көттамасыз ете білу.

Менеджер егер жаңапшыллықка, жаңа технологияның сингізіп, колдану, жаңа идеялар мен жұмыс істеудің жаңа әдіс-тәсілдерін сингізуге үмтүлған адам болса, оның бүл қасиеттері аса бағаланатынылығы анық.

Мәдениет саласындағы менеджерлер үйін жалпы койылатын принциптерге мыналар жаталы:

- адамның жеке қасиеттің сыйлау;
- таңдауда өзіндік еркіnlіk құқығын беру;
- аламга, оның потенциялдық мүмкіндіктеріне сенім арту;
- өзара сыйластық негізінде сенім арту атмосферасын қалыптастыру;
- инициативаларды дамыту, шыгармашылық қабілеттерін, шыгармашылық орталда өзін-өзі таба алу қасиеттері жаталы.

Мәдениет саласындағы менеджер бірката талаптарға жауап берे алуы тиіс: әлеуметтік-мәдени саладағы жұмысты жобалай білудағысы, мәдени-шығармашылық жұмыстардың ерекшелігі туралы жоғарғы түсінігі, қазіргі қомадағы мәдениет пен шығармашылықтың мәнін түсіне білуі; мәдени құндылықтардың, мәдени мұралардың туудыру, тарату үрдісінің озіндік ерекшеліктерш білуі тиіс. Сонымен катар, оның құқықтық және экономикалық сауаттылығы, коммерциялық смес ұйымдардың және мәдени қызмет көрсету нарығының жұмыс істеу принциптері туралы терен білімі болуы менеджер құзіреттілігіне койылатын аса маңызды таланттардың бір болып табылады. Сонымен катар, мәдениет саласындағы менеджерлерге кәсіби білімін жетілдіруде имиджелогия, брэндинг, фандрейзинг, спонсоринг, әлеуметтік маркетинг саласы аса қажет. Мәдениет саласында менеджер келесідей құралымдарда қызмет аткаруы мүмкін, мысалы: клуб мекемесінің, сауық орталығының, театр, мұражай, концерттік залдың, киноорталықтың, сахналық костюмдерді жаға беру орындары, баспахана, халық шығармашылық орталығы, мәдени-демалыс паркін. Сонымен катар, ұйымдастырушылық-басқармашылық іс-қызметті басқарушы-менеджер, шығармашылық ұйымдардың, ансамбльдердің, орындаушылардың менеджері атқара алады.

Мәдениет саласындағы менеджерлердің кәсіби құзіреттілігіне койылатын талаптар:

- теоретикалық;
- әдістемелік;
- технологиялық;
- коммуникативтік құзіреттіліктері сай болуы тиіс.

Осы торт білім, біліктілік тоитамасы мәдениет менеджерінің кәсіби тәжірибелігін сипаттайтыны. Сонымен катар, мәдениет менеджері белгілі бір корпоративтік, этикалық нормаларға ие болуы тиіс.

